

Бородулиха ауданы бойынша шетелдіктер немесе шетелдіктің тұруына ақы төлейтін жеке немесе заңды тұлғалар (шақырушы тарап, туроператор) үшін туристік жарна мөлшерлемесін бекіту туралы

Абай облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2024 жылғы 17 мамырдағы № 17-4-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 24 мамырда № 282-18 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-10 тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33110 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес Бородулиха аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Бородулиха ауданы бойынша шетелдіктер немесе шетелдіктің тұруына ақы төлейтін жеке немесе заңды тұлғалар (шақырушы тарап, туроператор) үшін хостелдерді, қонақжайларды, жалға берілетін тұрғын үйлерді қоспағанда, туристерді орналастыру орындарында болу құнынан болатын әрбір тәулік үшін алынатын туристік жарна мөлшерлемелері – 0 пайыз көлемінде бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бородулиха аудандық мәслихат төрағасы

С. Урашева